

Бекітемін: Л.Х.
Мектеп директоры: Л.Х.Еспанова
« 06 » 08 2021 ж



Келісемін: Н.Б.
Тәрбие ісі орынбасары: Н.Б.Құдайбергенов
« 06 » 09 2021 ж

**Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ бастауыш сынып мұғалімі Искакова Шаригул Садуакасованың
2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары**

Сыныбы: 4 «Ә»

Қыркүйек айы

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асыру жобалары	Іс-шара атаулары	Аяқтау нысаны	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	Ұлттық тәрбие	«Өнегелі бір сағат» жобасы	«Тәуелсіздік жетістіктері»	Танымдық сабақ	03.09.2021	Класс жетекшісі
2	Отбасылық тәрбие	«Өнегелі бір сағат» жобасы	«Отбасы-бақыт аясы»	Спорттық жарыс	10.09.2021	Класс жетекшісі
3	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Адал ұрпақ-саналы ұрпақ» жобасы	Құқықбұзушылық неден басталады?	Әңгіме	17.09.2021ж	Класс жетекшісі
4	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Еңбек- елдің мұраты» жобасы 30 игі іс жобасы	Жер бетіндегі өмір. Жердің даму дәуірі	Танымдық сабақ	24.09.2021	Класс жетекшісі

Қазан айы

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асыру жобалары	Іс-шара атаулары	Аяқтау нысаны	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Адал ұрпақ-саналы ұрпақ» жобасы	«Қарттарым аман-сау жүрші!»	Мерекелік құттықтау	01.10.2021	Класс жетекшісі
2	Ұлттық тәрбие	«Дәстүр мен ғұрып» жобасы	Сәлем-сөз анасы	Әңгіме	08.10.2021	Класс жетекшісі
3	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Руханижаңғыру» бағдарламасы	Менің әлемім- сұлулық пен мейірімділік әлемі	Ақпараттық-таным сабағы	15 .10.2021	Класс жетекшісі
4	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Өнегелі бір сағат» жобасы	Табиғатты сақтау-өмірі сақтау	Әңгіме	22.10.2021	Класс жетекшісі
5	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы	«Сұлу да сымбатты болу үшін...»	Презентация	29.10.2021	Класс жетекшісі

Қаңтар айы

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асыру жобалары	Іс-шара атаулары	Аяқтау нысаны	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы	Өмірдің басты құндылықтары	Танымдық сағат	14.01.2022	Класс жетекшісі
2	Ұлттық тәрбие	«Дәстүр мен ғұрып» жобасы	«Ұлттық ойын ой сергітер»	Ойын-сағаты	21.01.2022	Класс жетекшісі
3	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Өнегелі бір сағат» жобасы	Біздің өлкеміз бай және әдемі	Танымдық сабақ	28.01.2022	Класс жетекшісі

Ақпан айы

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асыру жобалары	Іс-шара атаулары	Аяқтау нысаны	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	Рухани адамгершілік тәрбие	«Шанырақ» жобасы	«Жақсыдан үйрен – жаманнан жирен»	Әңгіме	04.02.2022	Класс жетекшісі
2	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«BOOKDATIG – кітап оқу арқылы өз болашағыңды жаса» жобасы	Тілге құрмет-елге құрмет (жұмбақ, мақал-мәтел)	Сайыс	11.02.2022	Класс жетекшісі
3	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Өнегелі бір сағат» жобасы	Жер-Ана тынысы!	Танымдық сабақ	18.02.2022	Класс жетекшісі
4	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы	Шынықсаң-шымыр боласың!	Әңгіме	25.02.2022	Класс жетекшісі

Наурыз айы

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асыру жобалары	Іс-шара атаулары	Аяқтау нысаны	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Өнегелі бір сағат» жобасы	«Алғыс айту парызым»	Ашық хат	04.03.2022	Класс жетекшісі
2	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Өнегелі бір сағат» жобасы	Су маңындағы құстар.	Әңгіме	11.03.2022	Класс жетекшісі
3	Ұлттық тәрбие	«Шаңырақ» жобасы	«Қош келдің, Наурыз!»	Мерекелік ертеңгілік	18.03.2022	Класс жетекшісі

Сәуір айы

Р/с	Тәрбие үрдісі	Іске асыру жобалары	Іс –шара атаулары	Аяқтау нысаны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Рухани адамгершілік тәрбие	«Отбасы – мектеп» жобасы	«Дастархан басындағы сыйластық»	Әңгіме	01.04.2022	Класс жетекшісі
2	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Еңбек- елдің мұраты» жобасы	Құстар –біздің досымыз!	Ертеңгілік	08.04.2022	Класс жетекшісі
3	Отбасы тәрбиесі	«Отбасы - мектеп» жобасы	«Өнегелі отбасы»	Сурет галереясы	15.04.2022	Класс жетекшісі
4	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Өнегелі бір сағат» жобасы	«Кітап оқи білейік »	Танымдық сабақ	22.04.2022	Класс жетекшісі
5	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы	Жол жүру ережелерін білеміз бе? Ашық тәрбие сағаты	Таным сабағы	29.04.2022	Класс жетекшісі

Мамыр айы

Р\с	Тәрбие үрдісі	Іске асыру жобалары	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі
1	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы	«Жеңісті жақындатқандар...»	Таным сабағы	06.05.2022
2	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Өнегелі бір сағат» жобасы	Күнтізбе не жайында айтады?	Әңгіме	13.05.2022
3	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Эко stat» жобасы «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет» жобасы	«Қауіпсіздікті қатаң сақтайық!»	Әңгіме	20.05.2022

Бекітемін:
Мектеп директоры: Л.Х.Еспанова

Келісемін:  Н.Б.Құдайбергенов
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
Тәрбие жұмысы жоспары

Педагог: Искакова Шаригул Садуакасовна
1«Ә» класс

2022-2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары

Қыркүйек					
р/с	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іс-шара атаулары	Аяқтау нысаны	Мерзімі	Жауапты
1	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	1 қыркүйек – Білім күні. «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет»	Білім сабағы	01.09	Кл.жетекшісі
2	Рухани – адамгершілік тәрбие	Адалдық сабағы	Әңгіме сағаты	05.09	
3	Отбасылық тәрбиесі	Менің отбасым	Әңгіме сағаты	12.09	
4	Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты	«Өрт қауіпсіздік ережесі»	Танымдық сабақ	19.09	
5	Ұлттық тәрбие	Сәлем-сөз анасы	Әңгіме сағаты	26.09	

Қазан

р/с	Тәрбие үрдісі	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі	Жауапты
1	Рухани – адамгершілік тәрбие	Ұстаздар күні «Ардақтайық ұстазды»	Құттықтау презентация	03.10	Кл.жетекшісі
2	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	Әдепті бала-арлы бала	Тақырыптық әңгіме сабақ	10.10	
3	Ұлттық тәрбие	«Тыйым сөздерді түсіне білейік»	Ойын-саяхат	17.10	
4	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	Тамақтану гигиенасы	Әңгіме сабақ	24.10	

Қараша

р/с	Тәрбие үрдісі	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі	Жауапты
1	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Теңге-тәуелсіздік нышаны»	Танымдық сабақ	07.11.22	Кл.жетекшісі
2	Ұлттық тәрбие	«Жол ережесін сақтайық!»	Рөлдік ойындар	14.11.22	
3	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	Көп оқы, көп білуге ұмтыл! (балалар журналдарымен танысу)	Пікір алмасу	21.11.22	
4	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Бейбіт елдің ұрпағымыз »	Сынып сағаты	28.11.22	

Желтоқсан

р/с	Тәрбие үрдісі	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі	Жауапты
1	Дене тәрбиесі салауатты өмір салты	«Спорт-денсаулық кепілі»	Ойын сабағы	05.12	Кл.жетекшісі
2	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	От-адамның досы мен жауы	Танымдық сабақ	12.12	
3	Ұлттық тәрбие	«Менің Отаным-Қазақстан»	Сурет сайысы	19.12	
4	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Төрлет, Жаңа жыл»	Сынып сағаты	26.12	

Қаңтар

р/с	Тәрбие үрдісі	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі	Жауапты
1	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Ұлы даланың ұлылары» (А.Байтұрсынов, Ы.алтынсарин т.б)	Танымдық сабақ	09.01.23	Кл.жетекшісі
2	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Өз қауіпсіздігім өз қолымда» (Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері)	Әңгіме сағаты	16.01.23	
3	Рухани –адамгершілік тәрбиесі	«Біз тәртіпті баламыз....» (Автобуста және троллейбуста жүру)	Танымдық сабақ	23.01.23	
4	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	Бірінші байлық-денсаулық. (өрт кезінде не істеу керек?)	Әңгіме сабақ	30.01.23	

Ақпан

р/с	Тәрбие үрдісі	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі	Жауапты
1	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Табиғат –тіршілік көзі»	Баяндама	13.02	Кл.жетекшісі
2	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Бала құқығы-ел құқығы»	Әңгіме сағаты	20.02	
3	Ұлттық тәрбие	«Төрт түлігім - ырысым»	Танымдық сабақ	27.02	

Наурыз

р/с	Тәрбие үрдісі	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі	Жауапты
1	Отбасылық тәрбиесі	«Аяулы анашым»	сынып сағаты	06.03.	Кл.жетекшісі
2	Ұлттық тәрбие	«Салт-дәстүрді білесің бе?»	Әңгіме сабақ	13.03.	
3	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Газалық –денсаулық негізі»	Меркелік шара	27.03	

Сәуір

р/с	Тәрбие үрдісі	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі	Жауапты
1	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	Табиғат сенің өз үйің	Ойын сабағы	03.04.	Кл.жетекшісі
2	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Көшеде қзінді қалай ұстайсың?»	Тақырыптық әңгіме	10.04	
3	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Ұлттық ойындар»	Ойын сабағы	17.04	
4	Рухани –адамгершілік тәрбиесі	«Біздің тілегіміз – достық!»	Танымдық сабақ	24.04	

Мамыр

р/с	Тәрбие үрдісі	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі	Жауапты
1	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Мен қазақ баласымын»	Сынып сағаты	08.05	Кл.жетекшісі
2	Отбасы тәрбиесі	Әкемнің кәсібі	Тақырыптық сабақ	15.05	
3	Рухани – адамгершілік тәрбиесі	«Менің сүйікті ертегі кейіпкерлерім»	Рөлдік ойындар	22.05	
4	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	Туған өлкемнің табиғаты	Сурет байқауы	29.05	

Бекітемін:

Мектеп директоры: *Т.А. Еспанова*

« 06 » _____ 2023ж



Келісемін: *Н.Б.*

Директордық тәрбие ісі жөніндегі
орынбсары: Н.Б. Құдайбергенов

« 06 » _____ 09. _____ 2023ж

**Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі
тәрбие тұжырымдамасын жүзеге асыру аясындағы 2 «Ә» сыныбына арналған
тәрбие жұмысының жоспары
(2023 – 2024 оқу жылы)**

Сынып жетекшісі: Ш.С.Искакова

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзат және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккер, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойын тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбеккерлікке баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жері қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету; Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

-Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
-Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
Елінің тарихын құрметтейді
Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары
Ар-ұят құндылығы: Академиялық адалдыққа ғидатын қолдау;
Адал еңбекті құрметтеу;
Сөзіне берік, ісіне адал болу;
Халқына адал қызмет ету
Әдеп нормаларын ұстану;
Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
-Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділіктаныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

Сыни және креативті ойлау;
Жеке және командалық жұмыс істей білу;
Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
Физикалық белсенді болу;
Салауатты өмір салтын ұстану;
Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету;
Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

Жан мен тән тазалығын сақтайды;
Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
Ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктер.

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын	Уақыты
					мемлекеттік органның атауы	
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	Менің тілім – менің досым («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	2-сыныптар	Сынып сағаты	Сабақ жоспары		04.09
2	«Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	2-сыныптар	Сынып сағаты	Сабақ жоспары		11.09
3	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?»	2 сыныптар	Тәрбие сағаты	Сынып сағатының жоспары		18.09
4	Қарттарым – асыл қазынам	2 сыныптар	Тәрбие сағаты	Сабақ жоспары		25.09

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл

- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Уақыты
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	Ұстаз — ұлы тұлға! («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	2 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		02.10.2023ж
2.	«Бес нәрсеге асық бол...» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы»)	2 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		09.10
3.	М.Жұмабаевтың туғанына 130 жыл («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	2 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		16.10
4.	25 қазан – Республика күні	2 сыныптар	Тәрбие сағаты	Тәрбие сағатының жоспары		23.10

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

➤ 15 қараша - Ұлттық валюта күні

➤ Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Уақыты
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Әкеге-ізет, анаға – құрмет» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	2 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		06.11.2023ж
2.	15 Қараша – Ұлттық валюта күні («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	2 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		13.11
3	Салауатты өмір-тамақтану тәртібі «Ұлттық мектеп лигасы»	2 сыныптар	Тәрбие сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектеп мейірбикесі	20.11
4.	Адалдық – адамдықтың белгісі («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	2 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		27.11

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Көк тудың желбірегені» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	2 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		04.12
2.	«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» («Жеткіншектің ЖетіЖарғысы» жобасы)	2 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		11.12
3.	«Қош келдің, Жаңа жыл!» («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	2 сыныптар	ертеңгілік	Ертеңгілік жоспары		25.12

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ *Қысқы демалыс*

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Уақыты
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Мен оқыған бір ертегі» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	2 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		08.01.2024ж
2.	«Қалдықтарды табысқа айналдырайық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	2 сыныптар	Сабақ-көрме	Сыныптың жоспары		15.01
3	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» («Ұлттық мектеп лигасы»)	2 сыныптар	Ойын-сабақ	Сыныптың жоспары		22.01
4	Туған өлке ақындарының шығармалары («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	2 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Кітапхана қызметкері	29..01

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Уақыты
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Балалар кітапханасы» жобасы)	2 сыныптар	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары		05.02.2024ж
4.	«Үйрен жақсы әдептен...»	2 сыныптар	Тәрбие сағаты	Тәрбие сағатының жоспары		12.02
10.	«Сен және Заң» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	2 сыныптар	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары		19.02

13	Сабырлылық – асыл қасиет («Ата-аналар мектебі» жобасы)	2 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара, Ата-аналармен дөңгелек үстел	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарий, хаттама		26.02
----	---	---------------	--	--	--	-------

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІШТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Уақыты
---	------------------	--------------------	------------------	----------------	---	--------

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

7.	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	2 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		04.03.2024ж
9.	«Атадан-өсиет, анадан-қасиет» (тыйым сөздердің мағынасы) («Ата-аналар мектебі» жобасы)	2 сыныптар	Сынып сағаты Ата-аналар жиналысы	Сынып сағатының жоспары, хаттама		11.03
	«Наурыз-Жыл басы» (Жеткіншектің Жеті Жарғысы) жобасы)	2 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		18.03

СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Уақыты
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Өрле Қазақстан» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	2 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		01.04.2024ж
2.	«Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	2 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		08.04
3.	«Табиғат тамашалары» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	2 сыныптар	Тәрбие сағаты	Тәрбие сағаты жоспары		15.04
4.	«Сөз қадірі – өз қадірің» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	2 сыныптар	Тәрбие сағаты	Тәрбие сағаты жоспары		22.04
5.	«Кітапханаға саяхат» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	2 сыныптар	Сабақ-экскурсия	Экскурсияның жоспары	Аудандық кітапхана қызметкерлері	29.04

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Уақыты
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	2 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		06.05
2.	«Ұлттар достастығы» («Балалар кітапханасы»)	2 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		13.05
3.	«Менің гүлзарым» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	2 сыныптар	Тәрбие сағаты	Тәрбие сағаты жоспары		20.05.2024ж

2021-2022 оқу жылындағы 4 «Ә» сыныбының тәрбие жұмысының талдауы

Тәрбие жұмыс жоспары оқу жылының басында бекітілді. Тәрбие жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілді.

Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағытында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өз отанын сүю, тәуелсіздік алған жылдары жеткен жетістіктерін мақтан ету мақсатында төмендегідей іс-шаралар жүргізілді.

«Өз елімді сүйемін», «Теңге – ұлттық мақтанышымыз», «Жеңісті жақындатқандар..» тақырыбында тәрбие сағаты, «Құқықбұзушылық неден басталады?» жобасы аясында оқушыларға құқықтықтары мен міндеттерін түсіндіру мақсатында «Қарттарым аман – сау жүрші» адамның қоғаммен байланысы тақырыбында тәрбие сағаты, ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында «Өмірдің басты құндылықтары», «Алғыс айту парызым» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

Ұлттық тәрбие бағытында «Өнегелі бір сағат» жобасы аясында «Сәлем-сөз анасы», «Ұлттық ойындар», «Тәуелсіздік жетістіктері» сынып сағаты, Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Ұлттық ойын-ой сергітер», «Қош келдің, Наурыз!» тәрбие сағаттары өткізілді.

Отбасылық тәрбие бағытында «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Отбасы-бақыт аясы», «Өнегелі отбасы» тақырыбында тәрбие сабағы өткізілді.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағытында «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет» жобасы аясында «Жер бетіндегі өмір» сынып сағаты, «Табиғатты сақтау-өмірді сақтау» сынып сағаты, «Жануарлар әлемінде» сынып сағаты, «Аққу-қазақ халқының қасиетті құсы» сынып сағаты, «Біздің өлкеміз бай және әдемі...» сынып сағаты, «Жер, ана тынысы!» сынып сағатты, «Құстар біздің досымыз» сынып сағаты өтті

Көпмәдениетті, көркем-эстетикалық тәрбие бағытында «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» жобасы аясында «Менің әлемім сұлулық пен мейірімділік әлемі» тәрбие сағаты өткізілді.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағытында «Қарттары бар елдің қазынасы бар» тәрбие сағаты, «Жақсыдан үйрен-жаманнан жирен» әңгіме – сабақ, «Дастархан басындағы сыйластық!» тәрбие сағаты өткізілді.

Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағытында «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы аясында «Тілге құрмет, елге-құрмет» интеллектуалдық ойындар өтті

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағытында «Денсаулық пен өмірлік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу» бағдарламасы аясында «Сұлу да сымбатты болу үшін», «Шынықсаң шымыр боласың», «Жол жүру ережелерін білеміз бе?» тәрбие сағаттары өткізілді.

Ата-аналармен жұмыс жоспар бойынша жүргізіліп ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата – аналар жиналыстары «Ата – аналардың бала тәрбиелеуіндегі жауапкершілігі туралы», «Ата – аналарды бала психикасының дамуына кері әсер ететін тәрбие түрлерімен таныстыру», «Үлгілі отбасы-мәңгілік ел тірегі», «Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру» тақырыптарында өткізілді. Мектеп мейірбикесімен кездесу ұйымдастырылды, тренингтер өткізілді, тесттер алынды. Жиналыстар жоспарланған уақытта, тақырыпқа сай өтті. Оқу жылының басынан бастап әр баланың үйіне барып, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы туралы хабардар болдып отырдым.

Мемлекеттік қосымша бағдарламалары бойынша жоспар жасалды: «Өмір қауіпсіздік негіздері» бағдарламасының тақырыптары «Дүниетану» пәнінің сағаттарына, «Жолда жүру ережелері» бағдарламасының тақырыптары, «Құқықтық ақпараттың тарату» және «Рухани-жыныстық тәрбие» бағдарламаларының тақырыптары класс сағаттарының сабақтарына кіріктіріліп өткізілді.

Сынып оқушылары түрлі шараларға және сайыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болды.

Сынып оқушылары Халықаралық «Пони» Әлемді ашады байқауына қатысып, I дәрежелі дипломмен марапатталды. «Зерде» шығармашылық байқауына қатысып Ергенқызы Асылнұр облыстан Алғыс хатпен оралды. «Кенгуру», «Ақбота» зияткерлік сайыстарына оқушыларым қатысып жүлделі орындарды иеленді.

Қорытындылай келе, осы оқу жылында қойылған тәрбие мақсаты жүзеге асты. Ата-аналар мен педагог жүргізген жұмыстар нәтижесінде барлық тәрбие сағаттары мен ата-аналар жиналысы өз уақытында «қанағаттанарлық» деңгейде өтті.

Сынып жетекшісі:



Ш.С.Искакова

2022-2023 оқу жылындағы 1 «Ә» сыныбының тәрбие жұмысының талдауы

Тәрбие жұмыс жоспары оқу жылының басында бекітілді. Тәрбие жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілді.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ бағытында «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық», «Бейбіт елдің ұрпағымыз», «Бала құқығы-ел құқығы», «Мен қазақ баласымын» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ бағытында «Сәлем-сөз анасы», «Тиым сөздерді түсіне білейік», «Менің Отаным-Қазақстан», «Төрт түлігім-ырысым», «Салт-дәстүрді білесің бе?» тақырыптарында сабақтар өткізілді

ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ бағытында «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Менің Отбасым», «Аяулы анашым», «Әкемнің кәсібі» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті.

ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ бағытында «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» жобасы «Теңге – тәуелсіздік нышаны» тәрбие сағаты, «От адамның досы мен жауы», «Табиғат сенің өз үйің», «Туған өлкемнің табиғаты» тақырыбында сабақтар өткізілді.

КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ бағытында «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» жобасы аясында «Көше күтпеген жағдайларға толы» әңгіме, «Аялдау жолы және қозғалыс жылдамдығы» тәрбие сағаты, Жүргіншілер өтпелері» тәрбие сағаты, «Реттелмейтін көше қиылыстары. Бағдаршам» сынып сағаты, «Қош келдің, Жана жыл!» ертенгілік, Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде жүру» ойын-сабақ, Ойнауға қай жерде болады және қай жерде болмайды» әңгіме, «Жаракаттанғанда өзіңе және жолдасыңа қалай көмектесу керек» сынып сағаты, Сен- велосипедшісін» тәрбие сағаты, Жол жүргізушілердің көзімен» сынып сағаттары өтті.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағытында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Ардақтайық ұстазды» тәрбие сағаты, «Адалдық сабағы» «Біз әдепті баламыз», «Біздің тілегіміз-достық», «Менің сүйікті ертегі кейіпкерім» тақырыбында сабақтар өтті

Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағытында «Тамақтану гигиенасы», «Ұлы даланың ұлылары», «Ұлттық ойындар» сынып сағаттары өтті.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағытында «Денсаулық пен өмірлік дағдыларды қалыптастыру мақсатында «Өрт қауіпсіздік ережесі», «Спорт-денсаулық кепілі», «Бірінші байлық денсаулық», «Тазалық-денсаулық негізі» сынып сағаты, «Өрт кезінде не істеу керек?» сынып сағаты өткізілді.

Ата-аналармен жоспар бойынша жұмыстар жүргізіліп ата-аналар жиналысы өткізілді. Оқу жылының басында сынып жетекшісі оқушылардың үйлеріне барып тұрмыстық жағдайымен танысты.

Жиналыста бірінші сынып ата-аналары «Ата-аналарға арналған этикалық кодекс және міндеттерімен таныстырылды. Әр ата-анаға бірінші сынып оқушы ата-анасына арналған жадынама таратылды. «Тәрбие отбасынан басталады», «Бала бойында адамгершілік қасиетті қалыптастырудағы ата-ананың беделі», «Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік» тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру.» тақырыптарында ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналармен тренингтер, мектеп мейірбикесімен кездесулер ұйымдастырылды.

Сынып оқушылары түрлі шараларға және сайыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болды.

Сынып оқушылары «Алтын ұрпақ -2022», II Республикалық олимпиадасына, «Абай» пәндік олимпиадасы, «Кенгуру- математика барлығы үшін» және «Ақбота» интеллектуалды ойын-конкурсиналарына қатысып, жүлделі I, II дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Қорытындылай келе, осы оқу жылында қойылған тәрбие мақсаты жүзеге асты. Ата-аналар мен педагог жүргізген жұмыстар нәтижесінде барлық тәрбие сағаттары мен ата-аналар жиналысы өз уақытында «қанағаттанарлық» деңгейде өтті.

Сынып жетекшісі:



Ш.С.Искакова

2023-2024 оқу жылындағы 2 «Ә» сыныбының тәрбие жұмысының талдауы

Тәрбие жұмысының жоспары оқу жылының басында бекітілді. Тәрбие жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілді. Тәрбие жоспары «Біртұтас тәрбие бағдарламасын негізге алып, «Ұлттық мүдде», «Талап», «Ар ұят» ұлттық құндылықтарға бағдарланып жасалды.

Баланы отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл, Мемлекеттік рәміздерді қадірлейтін елінің тарихын құрметтейтін, ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейтін, құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары қоятын тұлға ретінде тәрбиелейтін **«Ұлттық мүдде»** құндылығына бағдарланған **«Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы аясында **«Менің тілім – менің досым»**, **«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!»**, **«Көк тудың желбірегені»**, **«Туған өлке ақындарының шығармалары»**, **««Наурыз-Жыл басы»**, **«Жеңіс деген шат күлкісі баланың»**, **«Өрле Қазақстан»**, **«Еңбегі адал жасөрен»** жобасы аясында **«М.Жұмабаевтың туғанына 130 жыл»**, **«15 Қараша – Ұлттық валюта күні»**, **«25 қазан – Республика күні»** тәрбие сағаттары, **«Ұлттық мектеп лигасы»** аясында **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»** ойын-сабақ өткізілді.

Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайтын, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатын ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайтын, достарын, сыныптастарын сыйлайтын, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін **«Ар-ұят»** құндылығына бағдарланған

«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы аясында **«Қарттарым – асыл қазынам»**, **«Отбасылық дәстүрлер»**, **«Оқуға құштар мектеп»** жобасы аясында **«Ұстаз — ұлы тұлға!»** **«Бес нәрсеге асық бол...»**, **«Мен оқыған бірертегі»**,

«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы аясында **«Әкеге-ізет, анаға – құрмет»**, **«Сөз қадірі – өз қадірін»**, **«Қош келдің, Жаңа жыл!»**, **«Еңбегі адал жас өрен»** жобасы аясында **«Адалдық – адамдықтың белгісі»**, **«Балалар кітапханасы»** жобасы аясында **«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы»**, **«Ұлттар достастығы»** **«Ата-аналар мектебі»** жобасы аясында **«Бәрі де, Ана, бір өзіннен басталды»**, **Атадан-өсиет, анадан-қасиет»** **(тыйым сөздердің мағынасы)** тақырыбындағы сынып сағаттар мен тәрбие сағаттар өткізілді.

Жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінетін, қоршаған орта тазалығын сақтайтын, ақпараттық, медиа және қаржылық сауатты, ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиелейтін тәрбиенің **«Талап»** құндылығына бағытталған **«Жеткіншектің Жеті жарғысы»** жобасы аясында **«Сен және Заң»**, **«Кітапханаға саяхат»**, **«Еңбегі адал жасөрен»** жобасы аясында **«Қалдықтарды табысқа айналдырайық»**, **«Табиғат тамашалары»**, **«Менің гүлзарым»**, **«Үйрен жақсы әдептен...»**, **«Ата-аналар мектебі»** жобасы аясында **«Сабырлылық – асыл қасиет»**, **«Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі»**, **«Жолда жүру ережелерін білесің бе?»**, **«Ұлттық мектеп лигасы»** жобасы аясында, **«Салауатты өмір-тамақтану тәртібі»** тәрбие сағаттары өткізілді.

Ата-аналармен жұмыс жоспар бойынша жүргізіліп ата-аналар жиналысы өткізілді. **«Біртұтас тәрбие бағдарламасымен»** таныстыру», **«Балалардың құқықтық тәрбиесіне жауапкершілігі»**, **«Үлгілі отбасы»**, **«Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру.»** тақырыптарында ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналармен тренингтер, мектеп мейірбикесімен кездесулер ұйымдастырылды. Сынып оқушыларының ата-аналары мектепшілік спорттық сайыстарға, мектепшілік және сынып ата-аналар жиналысына белсене қатысты.

Сынып оқушылары түрлі шараларға және сайыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болды.

Медетұлы Әмір 2-4 сынып оқушыларына арналған «Бастау» Республикалық математикалық олимпиадасының мектепшілік кезеңінде 1-орын иемденіп, аудандық кезеңге жолдама алды. Ауданнан Бас жүлде алып, облысқа барып өзінің бағын сынап қайтты.

«Ақбота» зияткерлік олимпиадасына Бағдатұлы Мадияр, Бағдатұлы Алдияр, Оспанова Нұрай қатысып, II дәрежелі дипломдармен марапатталды.

«Кенгуру-математика барлығы үшін» ойын-конкурсынан Медетұлы Әмір сертификат алды. «Абай» олимпиадасының аудандық кезеңіне сыныптан 10 оқушы қатысып жүлделі 1-орынды иеленді. Облыстық кезеңінде 1-орын иемденді.

«Мұқағали оқулары» мәнерлеп оқу сайысына Рахымжан Айбатыр қатысып, 3-орынды иемденді. «Күз бояулары» сурет байқауынан Айбатыр 2-орын алды.

Сонымен қатар, сынып оқушылары мектепшілік сайыс-жарыстарға қатысып жүлделі орындар алды. 25 қазан – Республика күніне орай 2-3 кластар арасында ұйымдастырылған спорттық сайыста жүлделі III орынға ие болды. Табиғат және математика» атты сайысында I орын иеленді. Оқушылар 2-3 сынып оқушылар арасында ұйымдастырылған «Қалдықты табысқа айналдырайық» бұйымдар көрмесіне қатысып белсенділік танытқаны үшін марапатталды.

Қорытындылай келе, осы оқу жылында жоспарланған тәрбие жұмыстары жүзеге асты. Ата-аналар мен педагог жүргізген жұмыстар нәтижесінде барлық тәрбие сағаттары мен ата-аналар жиналысы өз уақытында «қанағаттанарлық» деңгейде өтті.

Сынып жетекшісі:

 Ш.С. Исакова